

A. СЕЙСЕКЕНОВА

## ШӘКӘРІМ МЕН ГЕТЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОЙ, СӨЗ, ІС БІРЛІГІ ИДЕЯСЫ

Немістің ұлы ақыны И.В.Гете танымындағы ең жоғарғы символ – Жаратушы мен табиғаттың бірлігі, мәнгі қалыптасу мен козғалыс, рух пен материя, жан мен тән, ой мен кеңістік, ерік барлықтың бірін-бірі толықтыруши қасиеті екенін әмбебап шығармашылығымен дәлелдеген ойшыл ретінде белгілі. Бізге ой салатыны – осы мәселеде қазақ ойшылы Шәкәрімнің де әлемнің тұтастығын анықтау үшін қозғалыс табиғатына аса терең үніле отырып, мәселенің тұп қазығына әмбебап көзкараспен бара білгендей. Шәкәрім көзкарасында кез келген қозғалыс пен өзгеріс әрі түзілүші, әрі бұзылуыш немесе «жану мен шірудің тубі бір» болатын «рух» пен «ұрық» бірлігі екенін «Тіршілік, жан туралы» елеңінің идеясы тұтастай дәлелдейді:

Жаралыс басы – қозғалыс,  
Қозғауға керек қолбағыс  
Жан де мейлің, бір мән дә  
Сол құатпен бол таныс  
Әлемді сол мән жаратқан [1, 230].

Шәкәрім қозғалысты – жан, мән, әлемді жаратушы деп түйіндесе, Гете «Фауст» трагедиясында мәнгі дамудағы ғаламдық болмысты рационалды әлем занылышымен түсіндірмей, интуитивті метафора арқылы жол табуға тырысқанын байқаймыз.

Трагедияның I бөліміндегі «Фаустың жұмыс белмесінде» атты көріністе Фаустың латын тіліндегі Інжіл мәтінін неміс тіліне аударып отыратын тұсы бар:

(Ол кітапты ашып, аударуга кірседі.)

О баста, алдыменен Сөз жаралған [2, 31]. Фауст латын тіліндегі мәтінге сенбекендіктен ежелгі грек тіліндегі нұсқасына қарайды. Грек тіліндегі нұскада «Сөз» орнына көп мағына білдіретін «Логос» берілген екен. «Фаусты» зерттеуші А.Аникст осыған байланысты мынадай түсініктемелер келтіреді: «Гете әрмен қарай өзінің досы И.Г.Гердердің Жана Өсиетке жасаған түсініктемесіндегі: «Немісше «сөз» бұл ежелгі түсініктің дәл мағынасын бере алмайды», – деп жағанына сүйенеді. Гердер «логостың»: «сөз», «ой», «куш», «іс», «қайраткерлік махаббат» деген сияқты бірнеше түсінігі бар болуы мүмкін деп көрсетеді [3, 103]. Яғни «Фаустағы»: «О баста алдыменен Сөз жаралған!» дегеннен кейінгі тармақтарды Гете

Шәкәрімше «іс», анығырақ айтсак, «Жаралыс басы – қозғалыска» өзгертеді. М.Құрманов оны «жұмыс» деп аударған:

О баста, ең әуелі болған Жұмыс!» [2, 31].

М.Құрмановтың аударған «Жұмыс» сөзі Гердердің орысша «деятельная любовь» немесе әлемнің жаратушы махаббаты арқылы жаратылуы (қозғалыска келуі) «Фаустың» Б.Пастернак аударған нұсқасында да «Жұмыс» сөзінің орысша бала-масында «Дело» деп аударылған. Сонымен, Гете де қозғалыс ұғымының сөз, ой, құштің бірлігін білдіруі Шәкәрімдегі қозғалыстың алғашқы мән немесе жан деп қарастырылуымен сәйкес ұғым.

Шәкәрім ірі ойшыл ретінде ой мен сөздің астарын адамнан жоғарғы жаратылыстың бастауынан іздейді:

Шошыма достым сөзімнен  
Сөз құдайдан шыққан бу.  
Үқпасан көр өзіннен  
Жұтқызыайн нұрлы су [1, 62].

Бу сөзі бұл жерде метафоралық қызмет атқарып қана қоймай, көзге көрінбейтін ой ұғымымен пара-пар трансцендентті нұрлы суға теңеліп тұр. «Фаустағы» «Мартаның бағы» атты көріністе Фауст Сөзді – тұтін, дыбыс, құдайдың есімі де сол сынды деп түсіндіреді. Ал шын түйсінген адамға құдайды қалай атаса да:

Махаббат, бакыт, шаттық, жүрек деген –  
Барлығы не десен де бір-ақ сезім [2, 62].

Сондықтан, Гете «Сөзді» бір мезетте «сөз-ой-қүштін» бірлігі ретінде ұқтыруға тырысса, Шәкәрім «Сөз» арқылы:

Байлаймын да көзінді  
Патса қылам өзінді.  
Ұғып отыр сөзімді  
Ел билетем жеті ру [1, 237], –

деп, Сөздің жеті қасиетіне: мейірім, ынсан, әділет, шыдам, шынышыл, харекет, ақ ниетті жатқызады. Сейтіп, Шәкәрімде Сөз ұғымы – мән, жан, жанның Тәнірден бірге берілген жеті қасиеті бар жаратушы. Егер, Шәкәрім мен Гете жоғарыда айтты өткен ой мен сөздің бірлігін дәлелге алар болсақ, идеалистердің ой дегеніміз құдай деп қарастырып келген концепциясын да басшылыққа аламыз.

Шәкәрімнің ұстазы ұлы Абай Сөздің үнсіз калпты – ойдың бір мезетте материалдық калпты – бар болуға айналуын, сөйтіп, әлемдегі мәнгілік қозғалыстағы табиғаттың өмірі болып қалыптасуын 38-ші қара сөзінде Алланың бір сипаты ғылым дей отырып: «... ғылымның бір сипаты көләм, яғни сөйлеуші деген: сөз – қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді, олай болса, айтқандай қылыштап білдіретүғын және басар, сәмір, яғни қөруші, естуші деген. Алла тағаланың қөрмегі, естімегі біз секілді көзбенен, құлакпенен емес, қөргендей, естігендей білетүғын ғылымның бір сипаты. Бірі тәкуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз», – деп түсіндіреді [4, 140]. Бұл жерде арабтың тәкуин сөзі болдыру, жарату, қозғалыска келтіру мағынасында қолданылып тұр.

Құрандағы «Әнғам» сүресінің 73-ші аятында: «...Ол көктер мен жерді шындықпен жаратты. Ол: «Бол» деген күні бола кетеді. Оның сөзі шын», – дедінген [5, 136]. Шәкәрімнің «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде:

Бас қозғалыс қой – жанның атасы  
Ол жаратады ғүрлеп [1, 228], –

деп келетін жолдардағы бас қозғалыстың – құдай-сөз-жан-мән болатындығына көз жетіп тұр. Енде-ше, Алладан келген төрт кітаптың бірі – Інжілдің Иоанн жазған Ізгі Хабар мәтінін оқып көрелік: «Әуел баста Сөз болған, Сөз Құдаймен бірге болған, Сөз Құдай болған» [6, 249].

XX ғасырдағы қазақ ақыны Шәкәрім Сөз, Ой, Исті бір деп ұққандықтан Сөз – ажалсыз әскер, мәнгілікке өтудін, әлемді өзгертудің ең зиянсыз каруы деп түсіндіреді:

Ойлаңыз, біздің ғаскер өле ме,  
Қағазға бір басылып қалған соң.  
Бұл мықты әскер емей немене,  
Жайылып талай орын алған соң.  
Қарумен қанша қатты ұрса да,  
Сөзіме жанның әлі келмейді.  
Бұл дүние шыр айналып тұрса да,  
Ғаскерім қартаймайды, өлмейді [1, 112].

Шәкәрімнің қозғалысты – жан, мән деп анықтауды XX ғасырдағы ірі француз ойшылы философ, теолог, археолог, палеонтолог, антрополог, неотомис Теяр де Шарден Пьердің қозғалысты: геогенез, психогенез, биогенез, техногенез, ноогенез деп бес түрге жіктеуіне сәйкес келеді. Жалпы, Теяр де Шарденнің [7, 220], В. Вернадскийдің «ноосфера» [8, 65] – ақыл сферасы, «ноология» – грекшеден аударғанда рух жайындағы ілімге сәйкес ұғымын Шәкәрім «таза ақыл» деп тапқан:

Рух деген діңең таза ақыл,  
Мінсіздің ісі шын мақұл [1, 231].

Әлемді құдай мен табиғаттың пантеистік тұғас-тықтағы өзгерісі деп қарастырған Гете, қозғалыс жайлы өз ойын былай деп қорытындылайды: «Біз тәжірибелізде байқайтын қандайлық реттегі болма-сын барлық іс-әрекеттер үнемі бір-бірімен байла-ныста өрілген. Біз бұны былайша атауға тырыса-мыз: кездесік, механикалық, физикалық, химия-лық, органикалық, психикалық, этикалық, діни, данышпандық. Бұл мәнгі – Бірлік, көп түрлі анық-талушылық» [8, 101]. Шәкәрім қозғалыс мәнін осы-лайша саралға мәселеңін «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде түсіндіреді:

Қозғаган қуат – жан дейміз,  
Жан өсті жаннан сан дейміз.  
Сол жандар әсер берген соң  
Жаралды сансыз тән дейміз.  
Жанына қарай тән солар.  
Өсімдік күннен алады ас,  
Күн сүық болса түпке қаш,  
Дым тиіп, нұр кеп жылтыса  
«Өс тағы жайнап, көніл аш!» -  
Дейтүғын жанда мән болар [1, 230].

Осы шумақтағы «дым», «нұр» арқылы жаннның әлемге «жайнап, көніл аш» дейтүғын мәнін сезімдік-заттық тұрғыдан басқа Шәкәрім «білім құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ себеп» деп, Гете Эрос – өмірдің жасампаздығымен бірге бұл себепті «кемен-гер» деп анықтаған екен. Бұл тылсым құдіретті ақын поэзия тілінде трагедияның 1-бөліміндегі Фаустқа Жер Рұхының берген жауабымен береді:

Өмір дауылында, тұрмыс толқынында  
Арпаңасам, тербелем.  
Өмір-баки бола бермек  
Туу деген, өлу деген.  
Өзгерген өмір,  
Құбылған көніл.  
Уақыттың үршығын иремін,  
Құдайлардың тоқымын киімдерін [36, 31].

Гетеңін Фаустың сөзімен «Am Anfang war die That» («О баста ең әуелі болған Жұмыс!») дейтін тармағын Ф.П.Федоров, Г.Плеханов, М.Горькийлер марксистік философияның негізін жақтаушылар ретінде материалистік тұрғыдан революциялық қозғалыска пара-пар ұғым деп түсіндірсе [9, 480], Гете шығармашылығындағы қозғалыс мәселеңін бір жакты материалистік тұрғыдан түсіндіруден гөрі Сөз бен Истің бірлігі ретінде қарастырып, әділ шешімін тапқан М.И.Бент «Гетеде Фауст «іс» түсінігіне (мынадай реттілік бойынша: сөз-ой-күш-іс) токталады. Мұнда әлі әлем жайлы материалистік көзқарас жоқ. Бұл жерде ағартушы деизм рухында, канттық космогония рухында қозғалыс пен дамудың көзі ретінде әрекет етуші ерік туралы сөз болып тұр», – деп жа-

зады [10, 31].

Қос ақынның да шығармашылығында орын алған осы сынды ғылым, дін, философия және әдеби өмбебап көзқарасқа жауапты тек ғылыми емес негіздерден іздеуге тұра келеді. Әйгілі теософ Е.П.-Блаватская «Құпия доктрина» кітабында: «Адам баласының алғашқы мұрағаттарынан, планетаның бірінші құрылыштылары пайда болғаннан бастап Құдай тек философиялық аспектідегі Бүкіләлемдік Қозғалыс ретінде ғана мойындалды. Оккультизм Бірліктеңі негізді мынадай етіп қосындылайды: «Құдай дегеніміз құпия, тірі немесе қозғалушы От, және бұл көрінбейтін Бар дүниесін мәнгі қуәгерлері – Нұр, Жылулық және Дым, бұл үштік өзіне бөрін сыйғызады және Табиғаттағы барлық құбылыстардың себебі болып табылады», – деп жазады [11, 36-37]. Гетеңің «Жұмыс» ұфымы құдайлық маҳаббаттың қозғалыстағы көрінісі, Шәкәрім түсінігіндегі адамның құдайлық қасиетінің бірі – «харекет» – деп топшылауымыз керек. Гетеңің жырлап отырған «О баста алдыменен Сөз жаралған!» деп басталатын елең жолдарындағы «Сөз» әрине «тіл-қатынас құралындағы» сөз емес, Заратуштра пайғамбар негізге алған «шапағатты ой», «шапағатты сөз», «шапағатты істін» бірлігі мақрокосмдық үйле-сімде өмір сүретініне параллекенін түйсінеміз. Сондықтан Мefистофель Фаустқа:

Әдетте адам сөзге ден қояды,

Ойменен, іспен ғана сен жоя біл! [2, 47], –

деп ескертеді.

Шәкәрім әулиеліктің белгісі деп «хақиқат – жардың нұрына малынып, рахатқа батып отыру емес», жер әлеміне оймен де, сөзбен де, іспен де ұлы езгерісті қоса енгізу ді айтады:

Алаяқ сүмдарға ерсен, болмас жолын,

Қазагым-ау қанғырып қайнар сорың нең,

ғылым үйренсең еңбек етіп,

Мазақ болмай елдікке жетер қолың [1, 211].

Олай болса, қос ақын танымындағы «қозғалыс» түсінігі «жаратушыға керек қолғабыс» екенін олардың тұтастай шығармашылық әлемі дәлелдейді деп ойымызды қорытамыз.

### ӘДЕБИЕТ

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дүйітов, (А.Құдайбердиев), Алматы, 1988. 560 б.
2. Гете И.В. Фауст / Неміс тілінен аударған М.Құрманов. Алматы: Жазушы, 1982. 200-б.
3. Аникст А. «Фауст» Гете, Лит. коммент, М.: Просвещение, 1979. 240 с.
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы, Алматы, 1986. 1-т. 304 б.
5. Құран Қөрім. Мәдина. 604-б.
6. Киелі Кітап. Таураг, Забур және Инжілден алын-ған тандамалы жазбалар. Стамбул, 1993. 462-б.
7. Современная философия: словарь и хрестоматия. Ростов на Дону, 1995, 200 с.
8. Краткая философская энциклопедия. М., 1994. 576 с.
9. Жирмунский В. Гете в русской литературе, Л.: Наука, 1982. 559 с.
10. Бент M. Гете и романтизм (Проблема личности в «Фаусте» и драматургии Генриха Клейста). Челябинск, 1986. 72 с.
11. Блаватская Е. Тайная Доктрина. Космогенезис, Минск, 1997. Т.1. 854 с.